

«Үздіксіз білім беру институтының қызметі туралы» ақпарат бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

25 мамыр 2023 ж.

«Үздіксіз білім беру институтының қызметі туралы» ақпарат тыңдалып, келесідей тұжырымдамалар жасалды:

- Қашықтықтан оқыту бакалавриаттың 25 білім беру бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады.

- 2022-2023 оқу жылында үздіксіз білім беру институтында 555 білімгер білім алуда: 377 (68%) білімгер техникалық және кәсіптік білім және 178 (32%) жоғары білім негізінде қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқиды.

- Университетте қашықтықтан оқыту процесін әрі қарай дамытып, білім бағдарламаларын қамтамасыз ету үшін пәндер бойынша цифрлық білім беру ресурстарын құрастыру жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар, қашықтықтан оқытуды одан әрі дамыту үшін электронды оқу материалдарының сапасын қамтамасыз ету және профессорлық-оқытушылық құрамының кәсіби шеберлігін арттыру бағытында жұмыс жүргізу керек.

«Үздіксіз білім беру институтының қызметі туралы» ақпарат бойынша
Ғылыми Кеңес шешімі:

1. Барлық білім беру бағдарламалары бойынша 2023-2024 оқу жылында оқытылатын пәндердің электронды оқу-әдістемелік материалдарының сапасын қамтамасыз ету (жауапты – жоғары мектеп декандары, жоғары мектептің академиялық комитеттерінің төрағалары, білім беру бағдарламаларының жетекшілері; орындау мерзімі - 2023-2024 оқу жылы).

2. Университеттің профессорлық-оқытушы құрамы әзірлейтін жаппай ашық онлайн курстар санын арттыру және оларды басқа білім беру порталдарына орналастыру (жауапты – үздіксіз білім беру институтының директоры, жоғары мектеп декандары, білім беру бағдарламаларының жетекшілері, орындау мерзімі - 2023-2024 оқу жылы).

3. Қашықтықтан оқыту технологиясын қолдана отырып оқытылатын пәндер бойынша виртуалды зертханалық жұмыстарды оқу процесінде тиімді пайдалану (жауапты – білім беру бағдарламаларының жетекшілері; орындау мерзімі - 2023-2024 оқу жылы).

Ғылыми Кеңес шешімінің орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректорға жүктелсін

Ғылыми Кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Қ.М. Баймырзаев

Н.К. Байғабатова

«Zhansugurov college» 2022-2023 оқу жылында
атқарылған жұмыстарының есебі бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«25» мамыр 2023 ж.

«Zhansugurov college» 2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстарының есебі бойынша Ғылыми Кеңес шешімі:

1. Колледждің барлық білім беру бағдарламалары бойынша оқу мерзімдерін қысқарту (жауапты – директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Б.Жанузакова, директордың оқу-өндірістік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Б.Ескендіров, колледж әдіскері А.Жәркенова; орындалу мерзімі – 2024 ж. тамыз айы);
2. Оқу мерзімдерін қысқарту мақсатында колледж және университеттің білім беру бағдарламаларын өзектендіру және унификациялау (жауапты – директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Б.Жанузакова, колледж әдіскері А.Жәркенова; орындалу мерзімі – 2024 ж. тамыз айы);
3. Колледж оқытушыларының сапалы құрамын қалыптастыру бойынша жұмысты күшейту: «Педагог-зерттеуші» біліктілік санаты – 3 оқытушы; «Педагог-сарапшы» біліктілік санаты – 2 оқытушы; «Педагог-модератор» біліктілік санаты – 5 оқытушы (жауапты – директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Б.Жанузакова, колледж әдіскері А.Жәркенова; орындалу мерзімі – жыл бойы);
4. 01120100 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту», 01140600 «Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандықтары бойынша 2 курстан бастап дуалды оқытуды ұйымдастыру (жауапты – директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Б.Жанузакова, директордың оқу-өндірістік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Б.Ескендіров, колледж әдіскері А.Жәркенова; орындалу мерзімі – 2023 ж. тамыз айы);
5. Колледж базасында «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту», «Кіші сыныптарда оқыту», «Дене тәрбиесі және спорт» құзыреттіліктері бойынша «WorldSkills» республикалық чемпионатты ұйымдастыру (жауапты – директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Б.Жанузакова, директордың оқу-өндірістік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Б.Ескендіров; орындалу мерзімі – 2024 ж. маусым айы);
6. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту», «Кіші сыныптарда оқыту» құзыреттіліктері бойынша жабдықтарды қамтамасыз ету мәселесін қарастыру (жауапты – директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Б.Жанузакова, директордың оқу-өндірістік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Б.Ескендіров; орындалу мерзімі – 2023 ж. тамыз айы).

Ғылыми Кеңес шешімінің орындалуы колледж директоры
М.Мальтекбасовқа жүктелсін

Ғылыми Кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Қ.М. Баймырзаев

Н.К. Байгабатова

«2022-2023 оқу жылындағы білімгерлердің
ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері туралы» есеп бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫСЫ

Талдықорған қ.

25 мамыр 2023 ж.

2022-2023 оқу жылындағы университет студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері туралы ақпаратты тыңдап, талқылап, Ғылыми кеңес анықтады:

Студенттердің ҒЗЖ қатысу деңгейі 2022-2023 оқу жылында 33% қамтиды (2021-2022 оқу жылы – 33,5%). ҒЗЖ нәтижелері бойынша ғылыми үйірмелер мен проблемалық топтарға қатысушылар үлесінің тұрақталуы (2022-2023 оқу жылы – 18,7%, 2021-2022 оқу жылы – 19,9%), Scopus (2022-2023 оқу жылы – 12, 2021-2022 оқу жылы – 6) журналдарындағы жарияланымдар санының артуы, ҒЖБССҚЕК (2022-2023 оқу жылы – 14, 2021-2022 оқу жылы – 10) журналдарындағы жарияланымдар санының артуы, РФДИ (2022-2023 оқу жылы – 31, 2021-2022 – 43) журналдарындағы жарияланымдар санының азаюы, WoS (2022-2023 оқу жылы – 1, 2021-2022 – 2) журналдарындағы жарияланымдар санының азаюы бақыланады. Республикалық студенттік пәндік олимпиададағы және жүлделік орындар саны азаюы (2022-2023 оқу жылы – 1, 2021-2022 – 9). Сонымен қатар, республикалық студенттердің ҒЗЖ байқауындағы жеңімпаздар санының өзгерісі байқалмайды (2022-2023 оқу жылы – 4, 2021-2022 – 4). Стартап жобалары санының артуы байқалады (2022-2023 оқу жылы – 32, 2021-2022 – 25).

Білім беру бағдарламаларындағы ұлттық рейтингті көтеру үшін білімгерлердің WoS, Scopus, РФДИ журналдарының базасында ғылыми мақалаларды жариялауды арттыру; халықаралық, республикалық студенттік байқауларда, олимпиадаларда, конференциялар мен жарыстарда жүлделі орындар санын арттыру қажет.

2022-2023 оқу жылындағы білімгерлердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері туралы Ғылыми кеңес ақпаратты талқылап, қаулы етеді:

1. Ғылыми үйірмелер мен проблемалық топтардың инновациялық жобаларды әзірлеуде, байқауларға қатысу және мақалалар жариялау бағыты бекітілген жоспар бойынша жүйелі жұмысын ұйымдастыру (жауапты – ҒҒЖКБ басшысы, жоғары мектеп декандары, жыл бойы);

2. Студенттердің ҒЗЖ қатысуына қызығушылығын арттыру үшін ғылыми зерттеу жұмыстары бойынша жетістіктер туралы БАҚ әр жоғары мектеп бойынша 2-ден кем емес имидждік мақалалар жариялау (жауапты – ҒҒЖКБ басшысы, жоғары мектеп декандары, 01.12.2023 ж. дейін);

3. «Атамекен» білім беру бағдарламалары рейтингісінде және т.б. ұлттық және халықаралық рейтингтерде позицияларды жақсарту мақсатында WoS, Scopus, РФДИ базаларындағы жарияланым санын, онлайн олимпиадалар мен байқаулардағы жеңімпаздар санын, патенттер мен авторлық куәлік санын жоғары мектептердің даму бағдарламасына сәйкес арттыру (жауапты – ҒҒЖКБ басшысы, жоғары мектеп декандары, жыл бойы);

4. Жас ғалымдардың ғылыми және ғылыми-техникалық қызметінің нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын гранттық қаржыландыруға арналған «Jas ғалым» байқауына әр факультет бойынша 5-тен кем емес жоба ұсыну (жауапты – ҒҒЖКБ басшысы, жоғары мектеп декандары, жыл бойы);

5. Стартап және «Jas ғалым» байқауы жобаларының сапасын көтеру және коммерцияландыру конкурстарына қатысу үшін Jetisu Hub-пен келісім-шарт аясында бірлескен жобалар әзірлеу (жауапты – ИСО директоры, ҒҒЖКБ басшысы, жоғары мектеп декандары, жыл бойы);

6. Startup Nation байқауына қатысу үшін командаларды құру (жауапты – ИСО директоры, ҒҒЖКБ басшысы, жоғары мектеп декандары, жыл бойы).

7. Жоғары мектептерде пәндік олимпиаданы өткізу ережелерін бекіту және 2023-2024 оқу жылынан бастап іске асыру (жауапты – ҒҒЖКБ басшысы, жоғары мектеп декандары, 2023 жыл 1 қыркүйекке дейін).

Ғылыми Кеңес қаулысының орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – ғылыми жұмыс жөніндегі проректорға жүктелсін.

Ғылыми Кеңес төрағасы

Қ.М. Баймырзаев